




ҚАЗАК  
ПРОЗАСЫ  
ҚАЗЫНАСЫНАН

Тахауи  
АХТАНОВ

*Махаббат иңү*

Л 2005  
48725



RARITY  
PUBLISHING  
COMPANY Ltd







**Тахауи Ахтанов**

# **Махаббат мұнды**

**Тандамалы шығармалар**

**Алматы  
«Раритет»  
2005**



卷之三





Казак  
прозасы  
казынасынан

Тахауи  
АХТАНОВ

*Махаббат мұнды*

## Тандамалы шығармалар



СОЛДАРЛЫҚ  
СОБЫТИЯЛАР  
АЛМАЗДА ЖІЛІСІН

800-1000-55004  
800-200-15151

8-77-00000

**ББК 84Қаз7-44**

**A93**

**Қазақстан Республикасы Мәдениет, ақпарат және спорт  
министрлігі бағдарламасы бойынша шығарылды**

Серия 2002 жылдан бастап шығарылып келеді

**Зейнолла СЕРИҚҚАЛИҰЛЫНЫҢ  
«АЛТЫН ҚОР» кітапханасы**

Көркем безендірмесі негізін салған Александр Тленшиев

**Ахтанов Т.**

**A93**      **Махаббат мұны: Таңдамалы шығармалар. — Алматы: Раритет, 2005. — 288 бет. — «Алтын қор» кітапханасы.**

**ISBN 9965-663-77-7**

Биік реализм мен терең психологиям жазушысы Тахауи Ахтановтың бұл кітабына кезінде ұлы Әуезов: «...ал мынада («Махаббат мұны» жинағы жонінде) мен озімнін сезімдерімді, сырларымды саған жаздырып, соған барынша сеніп, ырза бол отырғандаймын», — деп сүйсінген қазактың жас интеллигенциясы жайлы өңгіме-хикаялары жөне «окоп шындығы», «зая адам» туралы ақиқи, шынайы толғаныстан туған «Боран» романы енді.

**A 4702250201—05  
413(05)—05**

**ББК 84Қаз7-44**

**ISBN 9965-663-77-7**

© «Раритет» БК, 2005  
© Безендірген Б. Серікбай, 2005

## АЙТУЛЫ БИІК КӨҢСЕҢГІР

Асылы, өмірінің сонау бастауында, бойы енді-енді ғана өсіп, бұгасы енді-енді қатая бастаган шагында-ақ отқа оранған, оқ боралған майдан күндерін, сонау бір сұрапыл согысты бастап кешірген; ал әскерден оралысымен бейбіт күндердегі мылтықсыз майданга — кәдімгі тіршілікте күн сайын кездесіп жататын жақсылық пен жамандық атаулының толас таппас мігірсіз майданына бірден араласып кеткен ол өмірінің ақырына дейін ізгілік үшін, жақсылықтың қанат жаюы үшін құрлеске толы мағыналы ғұмыр кешилі десек, еш артық айтқандық болмас еді. Ол ол ма, өзінің «Қаһарлы күндер», «Боран», «Шырагың сөнбесін» сияқты айтулы шыгармаларымен кешегі Кеңес Өдагына аты әйгілі болған Тахауи Ахтанов жазушы болмай, басқа бір мамандық иесі болса да, оның еш нәрсеге бейжай қарай алмайтын қызуқанды табигаты өз көңіліндеңгіні ашық айтқызыбай бәрібір оған байыз таптырмас еді. Өйткені ол өз жүреgei «ақ», «қара» дегенді қара деп жалпақ жұртқа жария етуден ешқашан тайсақтаган адам емес және оның принципті жерде бой көтермей, үндеңей қалғанын замандастарының ешқайсысы көрген де, естіген де емес. Өз көңілі ақиқатпен таныған шындықтың жолында ешкімнің бет-жүзіне қарамайтын осы тұрашылдық Тахаңың өмірдегі де, өз шыгармашылығындағы да басты кредитосы еді.

Мұны жақсырақ түсінгісі келгендер, ең алдымен, Ахтановтың әдебиетке келу жолын жітімі зерделегені жөн болар еді. Ақиқатында, классик-суреткер Т.Ахтанов әдебиеткө бірден прозашы ретінде келген жеке, алдымен сын мен көркем аударма саласында ұзақ уақыт жүмыс істеп барып келді. Біздің әдеби сыншыларымыз көп аса байқай қоймаган, мән бермеген Тахаң творчествосының осы қырын қаламdas інісі Шерхан Мұртаза кезінде тап басып: «... Тауғиқты оқырмандар махаббатының бастауында «Қаһарлы күндер» романының тұрганы рас. Бірақ оның қаламынан туган әрбір жаңа шыгарманы құныга да қызыга күтептін оқырмандардың іңкәр құштарлығының іргетасына Ахтановтың принципшілдікпен, мейлінше адай,

шынышыл жазылған сын мақалалары негіз болғанын айта кету пайзыз», — деп тауып көрсеткен болатын. Расында да, Тахаңың әйгілі «Абай жолы» туралы, Бейімбет Майлін мен Ғабит Мұсірепов жөніндегі зерттеу мақалалары қазақ әдебиетіндегі ең өнімді де жемісті ізденістердің, болашақтагы қаламгерлерге үлгі боларлық мол арналардың қайда жатқанын дәл көрсеткен дүниелер болатын. Соғыміз жалаң болмас үшін, осыдан жарты гасырга жусық үақыт бұрын жазылған Тахаңың сол мақалаларының тынысына сәл құлак түрлі көрсек, артық болмайды:

«...Әуезов прозасының алдымен көзге түсестін қасиеті — биік мәдениеті. Жазушы Еуропа әдебиетінің дәрежесін еркін меңгерген...»

«...Оның (М.Әуезовтің. — К.М.) көркемдік құралдары, сөз кестесі, суреттеген өмір құбылыстары, адам бейнелері өзге халықта ұқсамас қазақы сипатты танытқаны өз алдына, тіпті, жас Әуезовтің талант табигатының өзі шынайы халықтық, ұлттық екені айқын көрініп түр».

«Әуезов өз ұлттының рухани қайта өрлеу дәуірінде туып, өмір сүріп, өз ұлттының рухани құдіретінің нұр шүгіласын құллі әлемге түсірген алапат алаудай болды».

«Мұхтар Әуезов бұрын цивилизациядан алшақ қалған кеңже ұлттың қазыналар жасау қолынан келе қояр ма екен, олардың өзгегерден үйренетін шәкірттігі тым ұзақта созылып кетпес не екен деген әйгілі таласқа бұлтар тастай жауап берді. Ол жас жазба әдебиеттердің тек зерделі шәкірт қана емес, өнегелі ұстаз да бола алғатының дәлелдеді».

«Егер біз қазір ұлттық әдебиеттердің бір кездегі мұсіркеу-шіліктен құтылып, терезесі тен әдебиетке айналып, жылына талай-талай тамаша таланттар тудырып жатқанына бәріміз де ден қоятын болсақ, онда осындағы өрелі өрістеге көшінің басында... Мұхтар Әуезов сияқты алыптар тұрганын бір сәт те естен шыгармауымыз керек».

«Әуезов бірден өз заманындағы озық әдебиеттің биік деңгейіне шырқап шықты да, жас әдебиетімізге құллі әлем алдында зор абырай алып берді».

Бұл үзінділер өзінің ұлы ұстазы Мұхаң туралы толғаныстары болса, қазақ әдебиетіндегі екінші бір өнегелі арна — Бейімбет шыгармашылығы жөнінде ол былай дейді: «Бейімбет — өмірде де, шыгармаларында да лепірме қызыл сөзден тіпті аулақ болған адам. Ол туралы сөз айтқанда да көпіртіп сойлеу келіспейтін сияқты. Әйтсе де, осы жазушының туындыларын оқығанда, ол туралы ойлагандан, көбіне-ақ сүйсініп, қайран қаламын да, тіліме асқақ тенеулер орала береді». Осылай дейді де, мұнан әрі Тахаң Майлін шыгармашылығының ерекшелігін тамыршыдай тап басады:

«Майлин де Чехов сияқты әдебиеттің канондарын бұзды. Әдестүрлі тақырыптар мен дәстүрлі геройларға, сюжет, композиция заңдарына жаңаша қарады. Әдебиеттегі үлкен мен кіші туралы ұғымга өзгеріс енгізді».

«Майлин шыгармаларының қарапайымдылығы — кейір жазуышыларда болатын қарадүрсіндік, ой мен суретке шорқақтық емес, сөз парқын білген, көркемдік табигатын түсінген кексе шеберлік».

«Үлкен жазушы... (Б. Майлин. — К.М.) ғұлұлықты әшекей жылтырақтан аршип, қарапайым ұлы қалпында көрсетті» (Т.Ахтанов, Таңдамалы шығ., II том, А. 1974, «Қош басы» атты еңбегінен).

Тахау Ахтановты кейінгі толқын інілері гана емес, алдындағы агалары да, тіпті, тай-құлыштадай тебісін бірге өскен қатарларының өзі «бүтін бір буынның басы», «Ұлы Отан соғысынан кейін әдебиетке келген толқынның көшбасшысы» деп бұлталақсыз мояндаса, мұның негізінде сыншы Ахтановтың сонау бір кезде-ақ рияссыз қоңылмен һәм білгірлікпен ақтарыла айтқан әдебиет туралы осындаи ойлары да жатқанын ешкім теріске шыгарға қоймас. Өйткені мұның өзі тек жақсыны танып қана қою емес, сонымен бірге туган әдебиеттің шын жақсысына сүйіну, жүргегі тола қуанышын жүргітпен бірге болісуі де еді. Ал өзгенің жақсысын коріп қана қоймай, оған ортақтаса білу, соган өз жетістігіндегі қуана білу, қуанып қана қоймай, жалғанга жар салу кезкеlegenнің пешенесіне жазыла бермейтін ірі кісілік қасиеті еді оның! Казір, Тахаңның көзі жоқ кезде, оның әдебиет туралы ойларын саралап отырсаңыз немесе үлкен-үлкен жиындарда сөйлеген сөздеріне назар салсаңыз, жазушылық өнер туралы да, осы өнерді өз өмірлерінің мәні мен магынасы деп жүрген қаламdas ага-інілері туралы да оның тек қана ағынан жарыла, ақтарыла айтқан пікірлеріне күә бола-сыз. Осыдан қырық жылдай бұрын жазылған «Өсу жолында» (Казак прозасының негізгі даму бағдары туралы) дейтін мақаласында мұның ізі сайран жатыр. Тахаң бұл еңбегінде алдындағы агалары туралы гана емес, өз қатарлары Ә.Нұрпейісовтің «Қан мен тері», З.Кабдоловтың «Жалыны», Т.Әлімқұловтың «Ақбоз аты», Сағуан Шаймерденовтің «Каргаши», Ә.Қанахиннің «Дәмелісі» секілді сүйекті туындылармен қатар, «қазақ прозасы елеусіз қалдыруға болмайтын жараптықты бір бұтагы» деп, сол кездегі уыздай жастар: Қ.Ысқақов, Ш.Мұртаза, Ә.Тарағызы, С.Мұратбеков, С.Жұнісов, А.Нұрманов, Р.Тоқтаров, Т.Жармаганбетов, Е.Домбаев, Ә.Нәбиев, Ж.Ахметов, С.Бердіқұловтардың әңгіме-повестеріне де тоқтала кеткен. Әрине, бәр-бәріне бірдей мақтау айтып, «жалпақшешейлік» жасау Тахаңа жат нәрсе. Жайшылықта аудын ашса, жүргегі көрінетін, аңқылдаған Тахаң әдебиет мәселесіне келгенде аса қатал. Әйтсе де, әркімнің барын бар, жоғын жоқ деп, елеусіз-ескеруесіз тастамауының өзі кейінгі буынды қөзінен таса қалдырмagan қам-

қор көңілдің белгісінде көрінеді бүгінде. Әсіресе, кейінгі жастар ағаларының аялы алақанына зәру болып жүрген қазіргідей кезде, Тахаңдардың сол бір өнегесі жүргегіңді сыйдатып, санаңа сагыныш лебін еріксіз құттындаі. Сагындыратындаі Тахаңды!!! Қазір, тап осы күні, бүгін Тахаңның бұдан қырық жылдаі бұрын жасылған сол сын мақалаларын көрсөніз, оның әдебиет туралы толғаныстары мен пайымдаулары өлі күнге мән-маңызын жогалтпаганын (жогалтпаганын дейміз-ау, тіпті, күні бүгін айттылғандай әсер қалдыратынын) көміл байқайсыз. Неге? Бізді баурап алатын нендей сиқыры бар олардың?! Мұның жауабы біреу-ақ — Тахаң не айтса да, нендей шыгарма туралы ой қозгаса да, тек ақиқатқа жүргініпті. Ұсақ-түйекті малданып, өзін де, взгені де алдан, жауырды жаба тоқымапты. Ахтанов көркем прозага келер алдында, осылайша, өзіне де, өзгелерге де әлем әдебиетінің озық үлгілеріне қойылатын биік талапты қоя келген.

Атамыз қазақ «Жыгылсаң, нардан жыгыл!» дейді... Ұлттың бойындағы осындағы жақсы қасиет, осындағы биік рухани максимализм болашақ үлкен суреткөр Ахтановқа жақсы жазушы болу үшін бұдан басқа жол жоқ екенін қарындағы үзгіндірғандай. Өзгеге осындағы қатал талап қоя білген Тахаңның енді өз прозасында да сол талаптар деңгейінен төмен түсуге еш хакысы жоқ еді. Солай болды да. Ол өзінің шагын жанрдағы алгашиңы әңгіме, хикаяттарынан бастап, «Қаһарлы күндер», «Боран», «Шырагың сөнбесін» сияқты романдары мен «Ант» драмасына дейін әлемдік әдебиеттің ең үздік үлгілерінен талап етіледі критерийлерді ғана өзіне нысанада етті.

Асылы, мұраты үлкендер ғана үлкен, кесек шыгармалар тудыра алмақ. Үл ретті Тахауи Ахтанов та өзіне нысанада етті алған биіктен табыла білді деп айтуга толық негіз бар.

Бүгінде жалпы жүрт мойындаған, оқырман қауымнан да, әдеби сыннан да белгілі бір дәрежеде өз бағасын алған ол туындылар туралы тагы да дәлел-дәйекпен сөйлей бастасақ, үл әңгіме тым үзаққа созылып кетер еді. Оның қажеті де бола қоймас. Әйтсе де, бәріміз мойындаитын, бәріміз бас иетін бір адамның — Ұлы Мұханың (Мұхтар Әуезовтің) пікірін ескермей кетуіміз күтірішілік болар еді... Ол алыста, сонау Мәскеуде сырқаттанып жатып, арттагы толқынга көз салғанда, өзі жақында ғана оқып шыққан Тахауи Ахтановтың тілдей кітабына қатты риза болып, «базарга келе жатқан» буыннан оны (Т. Ахтановты), Ә. Нұрпейісовті, З. Қабдолловты, Т. Элімкұловты, С. Шаймерденовті бөлек атайдырып, өзі үлкен үміт артқан сол топтың ішінен кейінгіге айттар сөзін Тахауи Ахтановқа арнауы тіпті де тегін болмаса керек. «Әрине, сенің үлкен еңбегің, өзінді кең құлашыңмен, өнімді өріс-өрнегімен емін-еркін танытқан шыгармаң — «Қаһарлы күндер»... — дей келе: — Мына шыгармаларда («Махаббат мұғына» енген туын-

дылар туралы айтып отыр. — К.М.) «бертін соқтың», «кемшін келдің» демекші емеспін, — деп бір қайырады да: — Сен шынайы қызыгарлық соныға түскенсің. Соган мейлінше құдіретің де жестеді. Ілгері, тереңдей, ірілей тарта тұс, тарта бер!» — деп агалық, ақ тілеуін білдіреді.

Әр сөзінің астарына шейін мән беретін ұлы жазушының бұл сөздерді тектен-тек айтып отырмаганына қазір тіпті ерекше назар аударғанымыз жөн болмақ. Біріншіден, Мұхаң мұнда бір ауыз сөзben болса да «Қаһарлы құндердің» «кең құлашты», өзгеше «өнімді өріс-өрнегі» бар шыгарма екенін айтып отыр. Атагы айдай әлемге тарап, таланттын сол тұста-ақ төрткүл дүние түгел мойындаған Әуезовтің бұл романга тәнні болуының себебі не сонда?!

Әрине, ол тұста Кеңес әдебиеті согыс сұрапылы туралы жазылған шыгармаларға кенде емес болатын. Солардың бәрімен болмаганмен, басты-бастыларымен Мұхаңның танысын шыққанына да еш күмән болмаса керек. Сөйтіе тұра, Ахтанов романына М.Әуезовтің ала-боле разы болғандығынан емес, ең алдымен, сол тұста согыс туралы жазылған шыгармалардың көвшілігі сол сұрапылдың сыртқы, сойқанды суреттеріне гана баса мән беріп және отандық патриотизм идеясын желеу етіп, әдебиеттің негізгі предметі — адамның ішкі жан дүниесіне көп аса бойлай алмагандығынан. Әуезов секілді ұлы суреткер Ахтанов романынан согыстың шытырман оқығасы, қауіп-қатері гана емес, сол согыс арқылы, қауіп-қатер арқылы ашылатын адам харakterлерін танып, соған тәнні болған-ды. Жалпы, бұл ретте, Тахаң кейінгі жылдарда гана сөз бола бастаган «окоп шындығы», «зая ұрпақ» туралы сөзді құллі Кеңес әдебиетінде алғаш бастағандардың бірі де, бірге де болатын. Біз Тахау Ахтановтың сүйекті туындылары қазақ әдебиетінің бір-бір кезеңдік жаңаша дамуының басы болды дегендеге, «Қаһарлы құндердің» осы қасиетін ескере отырып айтамыз.

Ал Мұхаң хатын «Қаһарлы құндер» туралы осылай бастап, одан әрі: «Сен шынайы қызыгарлық соныға түскенсің», — деп ойын өрбіткенде, «іні досының» (Әуезовтің өз тіркесі. — К.М.) біздің әдебиеттіңгэ интелигенция тақырыбын әкелгеніне гана қуанып қойған жсоқ (әрине, бұрын-сонды сөз бола қоймажан қазақтың жас интелигенциясы туралы жазғанды құптағаны да, қуанганы да сөзсіз! Мұхаңның осы хатындары: «...интелигенция туралы жазу, өзіңмен замандағас, қанаттас қатарыңды жазу... оте орынды, оте асыл іздену. Осы адамдар жақсы, ойлы, саналы, арлы болса — халқының, қауымының да болашагы гой...» — деген өзінің сөздері де соған дәлел), бұған қоса, қуанышының ең үлкені — «Мен сенің мақалаларыңнан, үлкен романыңның да кей бояуларынан осы менімен туыстас-ау деп жүруши ем... Ал мынада («Махабbat мұңы» туралы айттып отыр. — К.М.) мен өзімнің сезімдерімді, сырларымды

саган жаздырып, соган барынша сеніп, еліге еріп, ырза бол отырғандаймын. Эрине, әрбір шынышыл шыгарма солай еліктіреді де» дегені. Яғни қаншама тың, «соны» дегенмен, басты мәселе тіпті де тақырыпта емес (асылы, біздің біраз жазушыларымызга дерт бол жабысқан «тақырып бұлдау» ауруы деген Әуезовте атымен болған емес. Мұхаң үшін ол ешқашан проблема болған да емес!), Мұхаңың басты қуанышы — шыгарманың «шынышылдығында», «шыныайылығында» болса керек. Кешегі Кеңес әдебиетінде соцреализм әдісі бойынша жағымды кейіпкер атаулының бәрі шетінен сүттен ак, судан таза болатыны жүргегін шайып тастаган Әуезовтің өзінің іні досының мына шыгармаларынан қоспасыз, боямасыз өмір шындығын тапқанына шын тебіренуі еді бұл; Ахтанов шыгармаларында соны өріс тапқан жаңа бағытқа қол согып, қуануы еді. Мұхаңың дер кезінде танып, тағылым етуі ме әлде Ахтанов таланттының шын табигаты солай болғандықтан ба, қалай десек те, Тахаңың шагын жсандралы қол жеткен табыстары да өзінен кейінгі қазақ қаламгерлерінің өнеге тұтар өрісті арнасына айналды.

Тахаң да өзінің «қарға жұнді қаттастары», шын талантты тұстастары секілді, «барымен базар» болып отырып қалған жоқ. Ол ол ма, өзінің Ұлы үстазы Мұхтар Әуезов дүниеден өткен соң, оның аманатын, ол артын кеткен үлкен жауапкершілікті Ахтанов бүкіл жан-тәнімен тіпті қатты сезінгендей. Бәлкім, оның: «...Бұл сөзіміз сырт көзге ерсі көрінүі де мүмкін. Алайда Әуезовтен кейін қазақ жазушыларына әдеби еңбек тым қындан кеткенін жасыра алмаймыз. Ол жарық жалғаның алдында жақсы атанадырып кеткен әдебиеттің биік деңгейін төмөндейтіп алмау қай-қайсымызға да оңайга түсे қоймас. Дегенмен, біз орасан көп дос жарандарымыздың алдында гана емес, әрқайсысымыз өз арымыздың алдында өз қадірімізді тұсіріп алмау үшін, бұндай аса жауапты сыннан сүрінбей өту жолында еңбектенуіміз керек», — деген ойлары сол тұста жазылған шыгар деп ойлаймыз.

Аманат жүргі — ауыр жүк! Әсіресе Әуезовтей ұлы үстазы ынтышынтымен сеніп, есімет етіп, тапсырып кеткен аманат жүргі тым ауыр болса керек. Тахаң сол тұста тағы да бір қатты серпіліп, біздің қогамымызда да, әдебиеттіңде де қалыптасып қалған қасаң қагидалар мен қасаң кейіпкерлерге қарсы майдан ашқан болатын. Сөйтіп, шындыққа сусап отырган қалың оқырман жаста-жастана оқыган «Боранды» дүниеге алып келді. Мұнда бұрынғы белсенді, қогамсүйіш, патриот еңбек адамы жоқ. Керек десеніз, мұнда шетінен белсенді, шетінен мәселе шешкіш, шетінен қолұшын бергіш, еңбек адамы десе, өліп-өшіп тұратын бұрынғы партия-совет қызметкери де жоқ. Оның есесіне, қойшы Қоспанның бала күннен бергі досы бола тұра, оны шын жақсы көре тұра, басына қыншилық түскенде қорғауга жарамаган, қолұшын беруге қорқатын партия қызметкери

Кисболаттың бейнесі бар. Бұл бұрын-соңды біздің әдебиетімізде болмаган құбылыс еді. Біздің әдебиетіміз гана емес, күллі Кеңес әдебиеті қалыптастырган партия-совет қызметкерлері туралы стереотиптің тас-талғанын шыгарған шыгарма болды бұл. Сойтіп, жеке адамга табыну дәуірін, неше түрлі құғын-сүргін кезеңін бастан кешіріп, еңсесі езіліп, рухы жаңышылып, көзі қорқып қалған сол заманың төл перзенттерінің бейнесі біздің әдебиетте осылай пайды болған еді. Тұңғыш рет көрсетілген-ди. Осылайша, Т.Ахтановтың «Бораны» да замандастар образын жасауда қазақ әдебиетінің тагы бір кезеңдік дамуының басы болып шыққан-ды. Әуезов «жарық жалғаның алдында жақсы атандырып кеткен әдебиеттің» мереій осылайша тагы бір көтеріліп қалған-ды.

Әңгімеміздің басында айтып кеткендей, Ахтанов қаламынан тұған шыгармалардың оқырманды енжар қалдырган ешқайсысы жоқ деген пікірімізге қайта оралар болсақ, есейген әдебиетіміздің ережеткен оқырмандарын елең еткізген оның тагы бір туындысы «Шырагың сөнбесін» романы екенін ерекше айта кеткеніміз жөн болмақ. Әдебиетіміздің білгірлерінің бірі, академик З.Кабдолов айтқандай, «биік реализм мен терең психологиямнің жазушысы» Т.Ахтанов «согыс шындығын өз творчествосына тұрақты тақырып, тұрлаулы мазмұн етіп алғанымен», «Шырагың сөнбесін», осы тақырыптары кеңес романдарын былай қойғанда, Ахтанов қаламынан шыққан «Қаһарлы күндерге» де мұлде үқсамайтын, пацифистік роман болып шықты. Ұлы Отан согысы туралы күллі Кеңес әдебиетіндегі ерлік, жеңіс қуанышы, патриоттық деген үгымдар мұнда мұлде жайына қалып, адамның табиги болмысына қиянат, керегар әрекеттер жасау арқылы қайтадан тағыга айналып кетудің аз-ақ алдында тұрған адамзатқа «есінді жи, ойлан!» деп дер кезінде дабыл қақсан шыгарма болды бұл. Таптаурын нәрселерге көзі үйреніп кеткен қазақ әдеби сынны мұның мәнісін ұга алмай, әлі екіойлы болып тұрған кезде, көршилес Ресей мемлекеті қазақ әдебиетінің бітімі болек бұл шыгармасына өздерінің халықаралық сыйлығын беріп те маставады. Сол тұста, осыдан он бес жыл бұрын, «Жалын» журнальның тапсырмасымен Тахаңа барып сұхбат жүргізгенімде, согыс туралы шыгармалардагы стереотиптерді бұзыу жөнінде ол өзі былай деп еді: «Әрине, осы мәселелер жөнінде өзге біреудің, біздің әдеби сынныңдың өкілдерінің бірі айтқаны орынды болатын еді... Дегенмен, сұрап қалған соң, жауап беруге тырысып көрейін... Бұл — мениң қатты қиналып жазған шыгармам. Қын роман! Қындығы, қинаганы — қан кешкендердің ішінде өзім де болған кешегі сұрапыл согыстың сойқанды суреттің беруде емес-ті. Согыс өтті, кетті! Арада қырық жылдан астам уақыт өткенде, мен сол согысқа «Қаһарлы күндердегідей» емес, мұлде басқаша қозбен қарап көрдім. Атыс-шабыс, қанды қыргын, «Ура-ура!» емес, енді мені: «Осы...

адамдар неге бір-біріне қол көтөреді?.. Қалайша өзіндең пенденің өмірін қиюдан жасақсанбайды? Осы да Адам деген атқа лайық па? Адамга, адамзаттың табигатына тән нәрсе ме осы? Екі жақтағылар да бүкіл болмыс-бітімімен өлгісі, яки біреуді өлтіргісі кеп тұрмаса да, өзінің құллі мән-мағынасына қарсы жасағайы, жат өрекетке қалай қолы барады?» деген ойлар мазалады. Қысқасы, «адам» және «согыс» дейтін бір-біріне мулде керегар, қабыстырын үгымдардың қалайша тогызысуы толғандырды мені. Солай ойлауым мұн екен, «Қаһарлы құндерден» мен мулде кеттім. Согыс тақырыбына жазылған шыгармалардың ішінен кезінде тәуірінің бірі аталғанмен, қазір мен ондағы принциптерінің көбімен өзім келіспес едім. Мұның себебі — Кеңес әдебиетіндегі ондай шыгармалардың тым көп болып кеткендігінен немесе «Қаһарлы құндердің» ескіріп қалғандығынан емес, согыс тақырыбына жазылған тәуір романдар қазір де аз! Гәр — менің «согыс» деген мағынасыз нәрсеге көзқарасымның мулде өзгергендігінде және осы жаңа көзқарасыммен бұрынғы пайымдауларымды түбірімен қайта қарауымда жатыр. Сойтін, «согысты» да, «адамды» да басқа көзben көруімде жатыр» («Жалын», № 4, 1998 ж., «Кош жүре түзеледі»).

Шынында да, құллі посткеңестік әдеби кеңістіктеге көзге оқшау көрінетін бұл шыгарманың бітімін де, ол ұстанған концепцияларға да қазақ әдеби сынны әлі де болса қайта оралар деп ойлаймыз. Сонда бұл туынды да қазақ әдебиеті дамуының жаңа бір кезеңіндегі жаңаша үрдістің басы болғанына еш күмән қалмас деп үміт етеміз.

Шын таланттар қашанда осылайша қасаң бол қалған қагидалар мен қатып қалған қалыптарды бұзып, өзінен кейінгілерді жаңа өрістерге қарай бастауды мұрат тұтқаны әмбеге аян нәрсе гой. Сондықтан да олардың мойны өзгелерден әрқашан озық; сондықтан да өзгелерден олардың шоқтығы биік тұрады. Құдайга шүкір, қазақ әдебиеті ондай құдіретті таланттарға аса бай болмаганмен, бетке ұстар беделділерге әлі де ұзақ жылдарға сын әрі олшем болары сөзсіз. Өйткені бұлардың әрқайсысы бір-бір мектеп; бір-бір асу бермес асқаралы биік. Сол ұлы қаламгерлерге, Мұхаң сөзімен айтқанда, «өнерімен туыс» Тахаң да қазақ прозасының алыстан көрінер айттулы биік асуларының бірі екеніне дау жоқ.

Иә, Тахаң асуы да — бауыры жаз, басы қыс; тәбесінен түйдек-түйдек қокала бұлттар жөнкіліп көшип жататын кәдімгі биік көксенгір. Оны Ахтанов шыгармаларын мұқият оқыған әрбір ойлы оқырман қапысыз таныса керек.

Қажығали МҰХАНБЕТҚАЛИҰЛЫ

## ӘҢГІМЕЛЕР

---

### АЛҒАШҚЫ ӘН

Композитор Серәлі кішкене үйдің есігінің алдында керіліп, бой жазып аз тұрды. Бір епті жылтыр қара жігіт, оның қай жақтан шыға келгенін Серәлі байқамай да қалды, «әссалаумаликүм!» деп сөлем беріп: «Осыны сізге беріп жіберіп еді», — деді де, қолына бұктеулі кішкене қағазды үстата салды. Серәлі қағазды ашып, көз жүгіртіп өтті: «Бүгін қолыңыз тисе, біздің үйден дәм татсаңыз. Күн демалыс қой. Гауһар». Төменіректе: «Ұмытып қалған жоқсыз ба? Алыста жүргенде ұмытсаңыз да, осында келгенде есіңізге түскен шығар» деген ойнақы сөз тұр. «Гауһар, Гауһар!.. Иә, иә.. Ол осында еді-ау». Серәлі қағаздан басын көтеріп алғанда, жаңағы қара жігіт гайып болыпты.

Көптен дағды алған әдеті бойынша, Серәлінің ертеңгілік бой жазып, біраз жүріп қайтқысы келді. Бұл конған үй селоның шетінде еді. Алдында енкейіп барып кішкене өзенге тірелетін жусанды жазық. Ертеңгі күннің қиғаш сөулесі өзеннің арғы бетіндегі бозды адырды қызылт-сарғыш шұғыласына малып, балғын жұмсақ рең беріп тұр. Арғы жарқабақтағы бүйра боз жеммен ырғалып, күмістей жылтырап құбылып келіп, өзенге құлар жерде қою әдемі қөлеңкеге тіреледі.

Серәлі туған жеріне қажып келді. Оны арытқан жол азабы емес-ти. Ой-шұқыры көп жолда машина, арба соғып, сүйегі сырқырап қалғаны рас, бірақ осында келгелі екі-үш күннен бері ол басылды. Қайта бойы жеңілдеп, сергіп қалғандай да болды. Сонау жылдары бір әнінен екінші әні артық мақталып, сүрінбей өрлеп бара жатқан композитор соңғы екі-үш жылда тоқырап қалды. Сонда да сол баяғы екпінмен мұны біраз уақыт қошамет үстінে

кошаметтей берді. Сол кезде қатты шыққан мақтау шуының жаңғырығы да бәсендеп келіп, осы соңғы жылы басылды. Төнірегінен ел көшіп кеткендей болғанына ызаланып, жүртты таңырқатар музыка жазып тастамаққа қимылдаپ көріп еді, бірақ қекірегіндегі күй көзі бітеліп қалғандай ешнэрсе шықпады. Ескі машықты сарынға қайтып орала берді. Оның үстіне, өзі көп жыл істеген кеңесі де, қонақтар ұзақ отырып қалып, ауасы тарылған бөлмегей көріне бастады. Соңғы жазғандарын жыртып тастады да, елге жүріп кетті.

Өзеннің суы тайыз болғанмен, жағасы тік. Серәлі өзенде бойлап, жайпауыт жерін тапты. Көйлегін шешіп, белуардан жуынып алмақ болды. Енді байқады, манағы жігіт әкелген хат өлі қолында екен. Композитор қағазға тағы да көз жүгіртіп өтті. «Гауһар! Менен үш жас кіші еді-ау. Қазір ғой отызда, — деп ойлады ол. — Күйеуі, бала-шагасы болар. Кімге тиді екен? Әрине, осы ауданың бір қызметкери. Қартайды ма екен? — Серәлі еріксіз самайын сипап қойды. — Иә, көп уақыт өтті. Барсам ба екен? Жоқ, өткенді, ұмыт болғанды еске салып қайтем. Оның үстіне, күйеуі отырса, менің жағдайым онша жұрт қызығарлықтай болmas», — деп түйді ол ақыры.

Көп уақыт өтті. Ол кезде Серәлі осы аудан орталығындағы мектептің оныншы класында оқытын. Көңілі қуанышқа толы, алаңсыз жастық шағы еді. Бұл өмірде математика пәнінен басқа бөгет жоқ сияқты көрінді оған. Мектептегі тең құрбыларының алдында жүрді. Он жетіон сегіз жас — балалық пен жігіттіктің аралығы. Жас жігіттің қызыға қырындауы осы бір шақта басталады. Бұл кезде бала жігіт шын көніл сүйерін өз жүргегімен тандап ала да бермейді. Көбіне жұрт көзіне іліккен, жұрт мақтаған қызыға елігеді. Өзінше жігіттік бәсекесіне түседі. Кинода қатар отырса, мектептен үйіне дейін шығарып салса, бірге отырып емтиханға дайындалса, не болмаса сол қызы сылтаурағып өзінен кітап сұрағыш болса — одан артық жеңіс, одан артық мақтаныш болмайды жас адамға. Ол кездегі махаббат шамшыл да болады. Егер бір бала «сен соны жақсы көресің» десе, нағыз намысқа тиер ауыр сөз сол.

Жасынан-ақ құлағы сақ, ән-күйге алғыр Серәлі мектептің ойын-сауық үйірмесін басқарды. Жүрген жері думан болатын. Бір күні балалар жиналыш серуенге шық-

ты. Қазір алдында жатқан өзеннің төменгі жағындағы ілгерілі-кейінді орналасқан үш шоқының түбіне барды. Дағдысынан жаңылғандай сол жолы Серәлі көңілсіз болды. Жұрттан оқшауланып, шоқының баурайын кезіп ұзак жүрді. Өзеннің аргы бетіндегі тұнып қалған толқындар жоталанып жатқан адырларға көз жіберіп, алыстағы мұнардай көнілін белгісіз бір толқылмалы сезім билеп біраз тұрды. Ол балалықпен қош айтысадағы қимастығы ма әлде көкірегінде жаңа ояна бастаған құйдін үнсіз толқуы, ішкі тебіренуі ме, — ол арасын Серәлі білмеді. Тек туған жердің сәске нұрына малынған тамаша көрінісін жан сезіміне бөлеп көкірегіне сіңіріп алғысы келіп үйіп тұра берді. Кенет... Сыңғырлап аққан бұлақтай әсем құлкі еркін төгілді. Дала қызының назы бар тартымды, жұмсақ, кәусар құлкісі. Серәлі қыз үнінің әрбір әсем құбылысын қапысыз жаттады. Оған қапелімде жасынан құлағына сіңген осы ерке үн осынау төскейден, даланың тыныс алғысы келгенде бір толқып қалған кеудесінен шыққандай көрінді. Осы даланың қойнауы мен адырын талай желпігенді шырайлы үн ғой бұл.

Киялышан сергіп, Серәлі жалт қарады. Қасына екі қыз келіп қалыпты. Біреуі өзімен бірге оқитын Гүлжан дейтін денелі, толықша сары қыз. Екіншісі... Серәлі енді байқап, қайран болды. Бұрын көріп жүріп не қып аңғармаған. Тасада өскен гүлдей құлпырып шыға келіпті. Алдында мөлдіреген бота көзді, аққұба талдырмаш қыз тұр. Жаңағы құлкі осы Гауһардікі екенін анық білді. Гауһар аз уақыт жанары дөңгеленіп, көз қарасы терендер, Серәлінің бетіне қадала қарап қалды. Кенет жұқа ерніндегі құлкі нұры тез өшіп, ақша бетіне лып етіп қан жүгірді. Көзін тайдырып әкетті.

Серәлінің Гауһарға қадала қарағанын ұнатпаған Гүлжан қағытып сөз бастады:

- Немене, үйықтап тұрсын ба өзің?
- Жок, жәй, далага қарап түрмүн, — деді әлі де киялышан арыла алмай, өз ойымен әлек болып тұрған Серәлі.
- Далада не қызық болып жатыр екен? — деп Гүлжан қағыта түсті. Серәлі жауап бермеді.

Содан кейін Серәлінің Гауһарды көруге ынтығы арта берді. Перерывте ыңғайын тауып, сегізінші кластың маңын сағалайтын болды. Әрі-беріден соң, сегізінші клас-

тың кейбір балаларымен дос болып алды. Бірақ осында коп келгенімді біреу сезіл қоя ма деп қуыстанып та жүрді. Гауһармен бір класта, тіпті бір партада отыратын балаларды көріп, неге екі класс тәмен оқымадым екен деп өкінген кезі де болды. Бір күні батылы барып, почтаға заказной хат салатын едім деп, Гауһарды үйіне дейін шығарып салды. Бірақ жол бойы аузына сөз түспеді, «біреу-міреу көріп койды ма» деп жан-жағына жалтақтап қарай берді. Қоштасқаннан кейін: «Гауһар ғой менің әдейі еріп келгенімді біліп қалды-ау», — деп қуыстанып, қатты ұялды.

Көп күн толғанып, ынылдал, домбыра тартып жүріп, алғашқы рет ән шығарды.

Арналды ажар-коркім, нұрым саған,  
Кернеген кокіректі жырым саған.  
Арнадым оттан ыстық жүргінді  
Тандәған коп ішінен, күнім, саған.

Өлеңі сияқты әні де олақтау болатын. Бірақ бұл ән ырғақ байлығымен, құбылмалы әуенімен айтылмаса да, алғашқы жүрек дірілі сияқты ыстық ынтығымен тебірендіретін. Жас жүректің тереңінен ақырын шымырлап шығып, бірте-бірте шынырап көтерілетін биік ән.

Осы әнді арнаған адамына айтып бере алмай, оқшауланып, онашада домбыраға қосып талай толғанды. Сейтіп жүргенде, оныншы кластың оқуы да бітті. Каникул кезінде де бір-екі оқталып қөңіліндегі сырын айта алмай, кейінге калдырып жүргенде, жоғары окуға қалаға жүретін уақыт келіп қалды. Екі күндей торуылдал, жүретін күні ғана Гауһарға жолықты.

Амандық сұрасқасын:

— Гауһар, мен орталыққа окуға жүргелі жатырмын, — деді Серәлі.

Гауһар оның сөзін үқпағандай аз ақырып барып тіл катты:

— Окуға?.. Қашан жүресін?

— Бүгін жүремін.

Гауһар үнде мей, тәмен қарады. Серәлі де көмейіне тірелген сөзін айта алмай, қысылып қалды. Тек біраздан кейін бойын билеп, басын көтеріп алыш:

— Ал енді қош болып тұр, Гауһар, — деді еріксіз жымиып.

— Қош болыңыз, — деді Гауһар ақырын ғана. Басын жайымен көтеріп, көзі дөңгеленіп Серәлінің бетіне қарады.

Қызы даусының дірілі, алғашқы рет «сіз» деуі Серәліге де біраз сырды ұқтырса керек, — үйіне әндептіл қайтты.

Келесі жылы Серәлі емтиханын мерзімінен бір ай бұрын өткізіп, елге ерте келді. Балалық үялшақтықтан арылып, қалалы жерде көпті көріп, ысылып қайтты. Енді бұрынғыдай емес, Гауһарды биге, киноға шақырып, үйіне еркін шығарып салатын болды. Бір күні кеште екеуі оқшаша шығып, Гауһарға көптен айта алмай жүрген әнін айтып берді. Гауһар да әнді ұнатып, ыңылдан қосылып, лезде-ак қағып алды. Қыздың даусымен айтқанда ән тіпті әсем шықты. Серәлі сырттан тыңдал, өз әніне өзі сүйсінді. Осы ән арқылы Гауһар да бұған жан сезімін, ыстық ынтығын айтып тұрғандай көрінді.

— Серәлі, әніңіз жақсы екен! — деді Гауһар күліп.

Бірақ оның осы бір әсем, ерке күлкісінен кекесін емес, шын сүйсінгені анық есіп тұр. Осы сәтте Серәлі өзін билей алмады, қара суға құмп бергендей, көзін жұмып ойындағысын айтып салды.

— Гауһар! Мен сені жақсы көрем!.. Сені сүйемін!.. — деді даусы дірілдеп. — Мен осы әнді саған арнадым. Былтыр шығарып едім. Тек айта алмай жүріп едім. Бұл ән сенікі...

Арада соғыстың төрт жылы өтті. Гауһар майданда жүрген Серәліге үзбей хат жазып тұрды. Қызы хатының сипайы, сараң сөздеріне бұрын қысылып айта алмаған шын ықыласы, ажалмен үзенгілес жүрген алыстағы досына тілекtes, қамқорлығы түгел сиятын. Сағынышын да жасырмайтын. Кейде Серәліден хат сиреп кетсе де, «соғыстағы адам, қолы тимейтін шығар, өлде қауіп-қатері жақын жерде ғой», — деп шошынып, Гауһар өз хатын үзбейтін.

Серәлі әскерден қырық бесінші жылдың күзінде оралды. Облыстық қаладан бір жәшік тиеген жүк машинасына ілесіп үйіне кешке қарай жетті. Ауылдық жерде хабар тез тарайды ғой, лезде Серәлінің ағасының үйіне ауданың қызметкерлері жиналып қалды. Шай үстінде Серәлінің кішкене інісі Шаймұрат ағасының мойнына асылған болып: «Далада Гауһар апай келіп тұр», — деп сыйырлады. Серәлі есік алдында ешкімді көре алмай, үйді

айнала беріп, бұрышта тұрған Гауһарды көрді. Үстіне женіл сүр пальто киген, басына орамал тартқан, қара қоленкеде аққұба өніндегі үлкен көзі ғана ашық көрінеді.

Серәлі Гауһарды құшақтай алды. Гауһар «Серәлі» дегеннен артық сөз айта алмай, бетін оның иығына басты. Гауһарды өзіне қаратып сүйгенде байқады, қыздың көзінде жас мөлтілдеп түр екен.

— Сағындың ба, сәулем?! Неге жылайсың?

— Сағындым. Неге сағынбайын! Қуанганның көзімнен жас шығып кетіпті ғой, — деді Гауһар көз жасын сүртпестен.

Біраздан кейін Серәлі Гауһарды үйге шақырып еді, ол бармады.

— Үйінде кілен үлкендер отыр. Ыңғайсыз болар, — деп үялды Гауһар. — Сені бүгін олар сағынған жастарға беретін емес қой.

— Ендеши, үйдің артына отырайық, мен орындық алып шығайын, — деді Серәлі.

— Жоқ, жоқ, олар сені іздейді ғой. Қырқына шыдағанда, біріне шыдармын. Үйде соңғы жіберген суретің бар, соған қарап жатармын. Ертең күндіз мектепке кел. Өзің оқыған мектебінді де сағынған шығарсың. Мені мұғалімдер бөлмесінде күт, — деп Гауһар қош айтты. Кетіп бара жатып қайрыла беріп: — Сенің өнінді мен ұмытқан жоқ-пын. Ертен өзіне айтып беремін, — деді.

Екі айдан кейін Серәлі консерваторияга жүрмек болды. Соғыста жүріп шығарған төрт-бес әні жақсы қабылданыпты.

— Үй болып қалсан, оқуың қызын болар. Талабынан қайтпа. Сенің таланттыңа, үлкен композитор болатыныңа сенемін. Әзір оқуға орналасып байқа, өзгесін кейін көрерміз, — деді Гауһар.

Серәлі консерваторияға келді. Ол жай қатардағы студент болып қойған жоқ, жас композитор атанды. Оқумен бірге оған заказ да көбейді. Мақтаушылар да тартына қойған жоқ. Жұмыс көбейген сайын, Гауһарға жазған хаты сирей берді. Оның үстіне, жаңа әсер, жаңа мақсат, іс қызығы билеп әкетті. Таныс, жолдастары да көбейді. Жыл асқаннан кейін Серәлі сирек хатының бірінде Гауһарға: «Хатты жиі жаз дейсің, менің өз жұмыстарыма да қолым тимейді», — деп жазды. Гауһардан: «Ендеши, хат жазып уақытынды алмай-ақ қой», — деген хат келді. Осылай екеуінің арасы

үзіліп кетті. Серәлі өміріндегі сол бір шақты уақыт ірілі-ұсақты көп оқиғасымен, қуаныш, қайғысымен қалың қымтады. Енді ол қарасы үзіліп, қыр астында қалған бір көрініс сияқты.

Серәлі қолындағы қағазды бүктеп, не істерге білмей аз түрді да, қалтасына салып қойды. Алдақашан өтіп кеткен, ыстығы суыған өмір елестері оны толқытпай, бояуы онған суреттей көз алдынан сырғып өте шықты.

Мөлдір, салқын суға рақаттана белуардан жуынып алып, Серәлі өзенді өрлеп жүре берді. Үйге қайтуға ертенгі таза ауаны қимады. Бірақ едәуір бойы сергіп қалса да, ойы онша сергімеді. Енді Гаяхар жайын ығыстырып, соңғы кездегі өз уайымы ойын билеп барады. Елге жүрерден аз күн бұрын түнгі ұзақ жиналыстан Серәлі үйіне қажып қайтты. Мұның соңғы жылдары жазған шығармалары қатты сынға ұшырады. Жүрттың көбісі Серәлінің кейінгі уақытта онсыз да сирек жазылған музыкасынан іліп алар ешнәрсе қалдырмады. Екпіні қатты біреулер мұның бұрынғылары да түкке тұрмайды дегенге барды. Диплом қорғағанда бірінші актысы жаксы басталған операсының кейінгі актылары сүйылып кеткені де айттылды.

Серәлі басында сынаушылардың сөзіне ыза болып, ашуға булығып, өз жауабын, ызалы өткір сөздерін, абыны мысқылын іштей дайындал отырып еді, біраздан кейін кеудесіндегі ызасы су сепкендей басылып, ауыр қайғыға беріліп, ақыры сөйлемей қалды. Үйіне жұні жығылып, болдырып қайтты. Үйқыда жатқан әйелін оятып алды. Өз қайғысына ортақ етіп, сырласқысы келді.

— Сендердің жиналыстарың-ақ ұзақ болады. Осы уақытқа дейін не бітірдіңдер, — деді Алмагұл (Серәлінің әйелінің аты осылай еді).

— Біздің қауым әнге жүйрік болғанмен, тілге шорқақтау ғой. Жәй сейлейді, — деп абыны мырс етті Серәлі. — Мені қатты сынады. Тұғімді қалдырған жоқ.

— Қайсысы сынаган? Өңкей көре алмайтын қызғаншактар да.

— Әрине, артық сөздер де аз айттылған жоқ. — Серәлі мұңайып, ойланып қалды. — Бірақ менің өзім... өзіме көнілім сондай олқы. Осы мен сарқылып біткен сияқтымын.

— Қойшы әрі, ақыр заман орнатпай. Одан да, жат та үйықта, — деп кейіді Алмагұл.

Серәлі жалғас бөлмеге барып, пианиноға отырды. Кейде көнілі жабыққанда музыка тартатын әдеті бар-ды. Бірақ қайдағы бір іш пыстырар, мезі ырғактар түсे берді саусағының астына. Осы сәттегі көніл күйімен ұндес келер деп Бетховеннің атақты аппассионатасын (сон. № 2, опус 2.) тартпақ болды. Қапелімде нотасы табыла қоймады. Серәлі жатқа ойнай бастады. Бірақ бас жағын дұрыс алғып келе жатқанда, жаңағы мезі еткен, онбаған сарын арасына кіріп кетіп, берекесін қашыра берді.

Есіктен Алмагұлдің үйқылы-ояу ашулы жүзі көрінді:  
— Ау, сен жұртқа үйқы берсейші!

Бір ғажабы, Серәлі тілті ашуланған жоқ. Пианиноның қақпағын жапты да, қозғалмай отыра берді. Енді оның есіне жиналыстан шығып келе жатқанда айтқан өзі үлкен қадір тұтатын ақбас композитордың сөзі түсті. «Әркімде осындай бір хал бола береді, қарағым, осы далаға шығып, серпіліп қайтшы», — деп еді ол.

Мінеки, Серәлі далаға, туған жеріне келді. Алдында ертеңгі шұғылаға малынып өзі өскен үлкен село жатыр. Үлкен кеткелі село көп өзгермелі. Қайта үлкен қалаларға көзі үйренген адамға бұрынғыдан үйлері аласарып, аумалы кішірейіп кеткен тәрізді. Анау орталықта тұрган қызыл қаңылтыр тәбелі мығым ақ үй — клуб. Ауылдан алғаш келген бала кезінде осы үй Серәліге зәулім көрінген. Енді байқаса, шағын ғана жалғыз қабат үй. Үлкен шулы қаладан кейін, село жым-жырт үйқыда жатқандай көрінеді.

Серәлі туған жеріне келді. Бірақ көнілінде күй оянған жоқ. Сылдырлап аққан өзен, ертеңгі самалмен ырғалған құрғак жусан, сонау алыс көкжиекте еміс гүрілдеген тракторлар, шексіз дала, биік аспан көніліне үнсіз күй құйып, қозғалған қалың бұлттай ырғалып, осылардың арасынан барып ұтымды ырғақ, әсем сарын туатын, Серәлі үйіп тербеле тұрып, екі қолын созып ырғақ машинымен қозғап, ынылдан жана әуенді жаттап, шыңдай түсетін. Осылай біраз булығып жүріп келіп пианиноға отыратын. Бірақ казір екі құлағы тас бітеліп қалғандай табиғаттың ешбір дыбысын естімеді. Кейде ұшып келіп мергеннің алдына конатын үйректей төтеннен бір әуен сап ете қалушы еді; содан жаксы музыка туып кететін. Енді о да жоқ. Ән жүректен туатын еді, бірақ жүргегі тұтігінен салқын қанды ақырын өткізіп, тып-тыныш тоңазып жатқан сияқты.